

"Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 149 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 540 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 149 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

«5.1.2-мақсат. Халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және тамақтануға байланысты аурулардың профилактикасы» деген бөлімде: реттік нөмірі 7-жолдың 3-бағанында «МСМ» деген аббревиатура «ИДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

«5.1.5-мақсат. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендер арасындағы қайтымсыз шығындарды төмендету» деген бөлімде: реттік нөмірі 12-жолдың 4-бағанында «1183099» деген сандар «1109692» деген сандармен ауыстырылсын;

«Барлығы» деген жолда «1652350» деген сандар «1578943» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов